

## **Лекция № 1. Саясаттану пәніне кіріспе**

### **Лекция жоспары:**

- 1.Саясаттанудың объектісі және пәні. Саясат ілімдерінің құрылымы.
2. Саяси ғылымның қалыптасу мен дамуының негізгі кезеңдері.
- 3.Саясаттанудың зерттеу әдістері

### **Лекция мақсаты:**

Саясаттанудың объектісі және пәні, саясат ілімдерінің құрылымы, саясаттанулық зерттеу әдістері мен негізгі парадигмалар, саяси ғылымның қызметі, саясаттанудың өзге ғылымдармен ара қатынасы, ежелгі классикалық дәуір мен ортағасырдың саяси ойлары, қайта өрлеу және жаңа заманның саяси идеялары, қазіргі дәуірдің саяси теориялары, отандық саяси ой тарихы мен идеяларымен таныстыру.

**Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

**Лекцияның оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

### **Лекция мазмұны:**

Кең мағынада қарағанда, саясат – адамдардың, өздері өмір сүріп отырған қоғамға сәйкес, жалпы ережелерді қалыптастыруы, сақтауы және жетілдіруі арқылы атқарылатын қызмет. Саясат (politics) «polis» сөзінен шыққан, тура мағынасында «қала мемлекет» дегенді білдіреді. Сондықтан да саясат конфликт және ынтымақтасу құбылысымен тығыз байланысты. Бір жағынан бәсекелес пікірлердің болуынан, адамдардың қалауы мен қажеттіліктерінің әркелкілігінен және мүдделер қайшылығынан олардың арасында өздері өмір сүріп отырған қоғамның ережелеріне қатысты келіспеушіліктер туындауы заңдылық. Екінші жағынан, адамдар осы ережелерге ықпал ету үшін немесе сол ережелерді сақтау үшін өзгелермен бірге жұмыс істеу қажеттігін мойындайды. Ханна Арентттің саяси билікті «келісілген әрекет» деп суреттеуі осыған байланысты. Сол себепті саясат, негізінен, түрлі бәсекелес мүдделер мен көзқарастарды келісімге келтіретін конфликтілерді шешу процесі ретінде сипатталады. Алайда саясатты осы кең мағынада конфликтіні шешуден гөрі, шешу жолдарын іздестіру тұрғысында қарастырған жөн, себебі конфликт атаулы түгел шешілмейді немесе оларды шешу мүмкін болмайды. Саясаттың мағынасын анықтауға қатысты кез келген әрекет негізгі екі мәселені міндетті түрде шешуге тиіс. Біріншіден, күнделікті өмірде «саясат» сөзінің түрлі мағынасы бар, басқаша айтқанда, саясат тым көп мағына жүктелген ұғым. Көп адам экономиканы, географияны, тарих пен биологияны таза академиялық пән деп қарастырса, саясатқа келгенде олардың ойы бір жерден шыға қоймайды. Мысалы, жұрттың көбі саясатты зерттейтін ғалымдар мен студенттер белгілі бір деңгейде біржақты болады деп ойлайды, себебі «осы мәселені бейтарап әрі объективті зерттеу өте қиын» деп санайды. Одан зорғысы, саясат әдетте лас нәрсе деп саналып, ол, бір жағынан, жағымсыздықпен, бүлікшілдікпен және зорлық-зомбылықпен, ал, екінші жағынан, алдау, арбау мен манипуляциямен байланыстырылады.

Мұндай ұғым түсінік бұрыннан қалыптасқан. Мысалы, сонау 1775 жылы Сэмюэл Джонсон саясатты «әлемде мансапқа жетудің құралы» деп сипаттаса, XIX ғасырдағы америкалық тарихшы Генри Адамс саясат «өшпенділіктің жүйеленген түрі» деген қорытындыға келген. Ал екінші және күрделі жайт тіпті ең беделді деген ғалымдардың саясат не туралы деген мәселеде ортақ пікірге келе алмауы. Саясатқа билік құру, ел басқару туралы ғылым, ұжымдық шешім қабылдау, шектеулі ресурстарды бөлу, алдау және манипуляция тәжірибесі және т.б. түрлі анықтама беріледі. Еңбекте ұсынылған мына анықтаманың артықшылығы басқа бәсекелес анықтамалардың барлығын дерлік қамтуында. Саясат – баршаға ортақ ережелерді қалыптастыру, сақтау және жетілдіру үрдісі. Алайда ұғымның анықтамасын нақтылап, мәніне терең үңілгенде мәселе туындайды: «саясат» ережелерді қалыптастыру, сақтау не жетілдірудің бір әдісіне мәселен, пікірталас арқылы бейбіт жолмен қатысты айтыла ма, әлде осындай іс-әрекеттерді толық қамти ма? Дәл сол сияқты, саясат барлық қоғамдық контекстер мен институттарда жүзеге асырыла ма, әлде белгілі бір салаларына айталық, үкіметке не қоғам өміріне ғана қатысты ма? Осы тұрғыдан алғанда, саясаттың «тым даулы» ұғым екенін, яғни оның қолдануға тұрарлық, лайықты мағыналары көп екенін түсінеміз бұл ұғымдар осы Конфликттік пікір мен көзқарастың, қажеттілік пен мүдденің әралуандығын білдіретін қарама-қарсы күштердің арасындағы бәсеке. Ынтымақтастық Бірлесіп жұмыс істеу, ұжымдық іс-әрекет арқылы мақсатқа жету. Екінші жағынан, бұл түрлі көзқарастар бір ғана құбылыстың қарама қайшы яки бұлыңғыр қырларын сипаттайтын анықтамалар болуы да мүмкін. Өзара бәсекелес не балама концепциялардың қай-қайсысымен жұмыс істесек те, саясатты анықтауда ауқымды екі тұғырды ажыратып алғанымыз жөн. Біріншіден, саясат белгілі бір аренамен яки орынмен тығыз байланысты, бұл жағдайда ол орын алған жеріне қарай «саяси» әрекет болып шығады. Екіншіден, саясат процесс немесе механизм ретінде қабылданады, аталған жағдайдағы «саяси» іс-әрекет адамның айрықша белгілері мен сипаттарын көрсетеді, сондықтан кез келген контексте орын алады. Осы ауқымды екі тұғырдың әрқайсысы бойынша саясаттың балама анықтамалары пайда болды, олар саяси талдаудың түрлі мектептерінің қалыптасуына ықпал етті.

Саясаттану-бұл тәуелсіз ғылым. Оның өзіндік объектісі және белгілі бір таным пәні бар. Саясаттану объектісі, яғни таным бағытталған нәрсе-қоғамдағы саяси қатынастар. Саяси қатынастар саласы таза саяси деп атауға болатын саладан әлдеқайда кең. Мұнда биліктің жұмыс істеуі мен даму процестері, бұқараны басқаруға қосу, сондай-ақ саяси ықпал ету объектісі болып табылатын экономикалық, әлеуметтік және рухани мүдделер жатады. Басқаша айтқанда, саяси қатынастар саласы-бұл саяси іс-әрекеттің барлық объектілерінің жиынтығы. Сондықтан саяси қатынастар тек саясаттанудың ғана емес, философияның, әлеуметтанудың, құқықтың, тарихтың және басқа ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады. Бірақ бұл ғылымдардың әрқайсысының осы объектіні зерттеуде өзіндік пәні бар. Саясаттану пәні саяси биліктің қалыптасу және даму заңдылықтары, оның мемлекеттік

ұйымдасқан қоғамда жұмыс істеуі мен қолданылуының формалары мен әдістері болып табылады. Саясаттанудың өзіндік ерекшелігі-ол барлық әлеуметтік құбылыстар мен процестерді саяси билікке қатысты қарастырады. Биліксіз саясат болуы мүмкін емес, өйткені билік оны ұйымдастырудың құралы болып табылады.

### **Саяси ғылымның қалыптасу мен дамуының негізгі кезеңдері.**

Қай заман болмасын оның ойшылдарын ойландыратын мәселе – халықты бақытты ету жолдарын іздеу. Оны әр ойшыл заман талаптарына сай өзінше пайымдап, өзінше шешті. Канцлер Бисмарк кезінде Германия Рейхстагына: «Саясат – ғылым емес, ... өнер» деген екен. Бисмарктың өнер деп отырғаны – мемлекетті басқару өнері, яғни ұжымдық негізде шешім қабылдау және оны жүзеге асыру арқылы қоғамға бақылау жасау. Саясаттың ежелгі Грекиядағы түп мәнінен бастау алған классикалық анықтамасы осы тәрізді. Ежелгі грек қоғамы тәуелсіз қала-мемлекеттерден құралған, олардың әрқайсысының жеке басқару жүйесі болған. Қала мемлекеттердің ішіндегі ең ірісі және ең ықпалдысы – Афина демократиялық мемлекеттің тал бесігі ретінде жиі айтылады. Саясатты зерттеу мемлекетті зерттеу немесе, кең ауқымда қарағанда, билікті зерттеу. Бұл көзқарас америкалық ықпалды саясаттанушы Дэвид Истонның (1979,1981) еңбектерінде кеңінен қамтылды. Ол саясатты «құндылықтарды беделдің көмегімен бөлісу» деп сипаттады. Оның пікірінше, саясат қалың бұқараның талабына жауап беруі арқылы үкімет жүзеге асыратын процестерден тұрады, дәлірек айтсақ, үкімет жеңілдік пен марапатты және айыппұлды үлестіреді. Сондықтан «беделді құндылықтар» қоғамда кеңінен қабылданған және барлық азаматтар үшін міндетті саналатын құндылықтар. Саясатқа деген осы көзқарас әйгілі грек философы Аристотельдің еңбектерінен бастау алады. Грек философы – Аристотель платонның шәкірті және Ұлы Александрдың жас күніндегі ұстазы болған. Оның саяси еңбектерінің арасындағы ең танымалы – «Саясат». Аристотель онда қала мемлекетті ізгілік пен ауқаттылық негізі ретінде сипаттап, демократияға қарағанда олигархияға басымдық берген. Аристотель «Саясат» атты еңбегінде «адам табиғатынан саяси жануар» деп тұжырымдағанда, адамдардың саяси қауымдастықта ғана лайықты деңгейде өмір сүре алатынын айтқан. Осы тұрғыдан алғанда, «Саясат» – «әділ қоғам» құруды мақсат ететін этикалық қызмет. Аристотель оны «ғылымдардың патшасы» деп атаған. Саясатты «қоғамдық» іс-әрекет ретінде түсіну нәтижесінде позитивті де, негативті де образдар пайда болды. Аристотельден бастау алатын дәстүр бойынша саясат өзінің «қоғамдық» сипатына байланысты ізгі және ағартушылық іс-әрекет болып танылады. Дәл осы ұстанымды кейінірек Ханна Арентс табанды түрде қолдады, ол «Адамзаттың өмір сүру шарттары» атты еңбегінде «саясат – адамзат әрекетінің аса маңызды түрі, себебі ол еркін және тең құқылы азаматтар арасындағы қарым-қатынасты қамтиды» деп тұжырымдайды. Осылайша ол өмірдің мәнін түсіндіреді және әрбір адамды қайталанбас тұлға ретінде қарастырады. Саяси қатысуды, негізінен, ізгі іс деп қарастырған Жан-Жак

Руссо және Джон Стюарт Милль тәрізді теоретиктер де осыған ұқсас тұжырымға келген. Руссоның тұжырымы бойынша барлық азаматтардың саяси өмірге тікелей және үздіксіз қатысуының нәтижесінде ғана мемлекет ортақ игілікпен немесе, өзі айтқандай, «ортақ ерікпен» байланысты бола алады. Ал Милльдің пікірінше, «қоғамдық» істермен айналысудың тәрбиелік мәні бар, себебі ол жеке индивидтің тұлғалық, моральдық және интеллектуалдық дамуына ықпал етеді. Алайда бұған қайшы келетін, саясатты қоғамдық іс ретінде қажетсіз арала-судың бір түрі ретінде сипаттайтын пікір де бар. Әсіресе либералтеоретиктер «жеке» өмір – таңдаудың, жеке бастың еркіндігі мен тұлғалық жауапкершіліктің саласы деп негіздей отырып, азаматтық қоғамды мемлекеттен жоғары қояды. Бұл бизнес, спорт және отбасылық өмір сияқты жеке салалардан «саясатты оқшаулауды» қалайтын, «саяси» саланың аясын тарылтуға деген талпыныстардан барынша айқын байқалады. Сол себепті адамдардың өз қалауымен әрекет етуіне кедергі жасауына байланысты саясат зиян деген пікір қалыптасады. Орта ғасырлық саяси ой-пікірдің көрнекті өкілдерінің бірі – орта ғасырлық діндар-философ, ғалым Фома Аквинский болды (1225-1274 жж.). «Билеушілердің басқаруы туралы», «Теологияның қосындылары» деген еңбектерінде мемлекет, заң, құқық туралы мәселелерді қарастырады. Аквинский Аристотельден адам табиғаты жағынан «қарым-қатынас жасайтын және саяси жануар» деген қағиданы алды. Батыс Еуропаның феодалдық қоғамының саяси-құқықтық ой-пікірлері. Батыс Еуропада феодалдық құрылыс 1 мың жылдан астам уақыт дамыды. Үш тарихи кезеңнен өтті: біріншісі – V ғасырдың соңы мен XI ғасырдың ортасына дейінгі уақытты қамтыған ерте феодалдық кезең; екінші кезең – гүлдену дәуірі, XI ғасырдың ортасынан XV ғасырдың аяғына дейін созылды. Ал феодализмнің құлдырау дәуірі XV ғасырдың соңынан XVI ғасырдың аяғына дейінгі уақытты алды. Марксистер болса «саясат» ұғымына екі түрлі мағына береді. Бір жағынан, Маркс «саясатты» мемлекеттің басқару аппаратымен байланыстыратын дәстүрлі мағынада қолданады. «Коммунистік Манифесте» ол саяси билікке «бір таптың екінші тапты қанауы үшін ұйымдастырылған билік» деген сипаттама береді. Маркс үшін саясат, заң және мәдениетпен бірге, әлеуметтік өмірдің шынайы негізін құрайтын экономикалық «базистен» ерекшеленетін «қондырманың» бір бөлігі болып табылады. Алайда ол экономикалық «базис» пен құқықтық және саяси «қондырманы» бір-бірінен бөліп, жеке дара қарастырған жоқ. Оның пікірінше, «қондырма» экономикалық «базистен» шығады және соның көрінісін береді. Осы көзқарасқа сәйкес, саяси биліктің тамыры әлдеқайда тереңде жатыр және таптық жүйеден бастау алады. Лениннің айтуы бойынша, «саясат – экономиканың анағұрлым шоғырланған түрі». Саясат мемлекетпен және белгілі бір қоғамдық саламен шектелуі ықтимал деген сенімге қарсы, марксизм іліміне сай, «экономиканың өзі – саясат». Яғни таптық күреспен сипатталатын азаматтық қоғам саясаттың басты алаңы болып табылады. саясат пен мемлекеттік істер арасындағы байланыс саясатқа таңылатын пікірлердің неліктен жағымсыз және кемсітушілік

сипатта болатынын түсіндіруге де көмектеседі. Мұның себебі қалың жұртшылықтың саясат пен саясаткерлердің іс-әрекетін тығыз байланысты деп қабылдауында жатыр. Қарабайыр тілмен айтқанда, саясаткерлер көбінесе жеке басының мансаптық мүдделерін мемлекеттік қызметтің риторикасы мен идеологиялық сенімінің түбіне жасыратын, билікке ұмтылған екіжүзділер ретінде қарастырылады. Шындығында, осылайша қабылдау қазіргі кезде кеңінен таралған көзқарас болып отыр, себебі медиа сыбайлас жемқорлық пен әділетсіздіктің нақты мысалдарын оңтайлы келтіре отырып, антисаясат құбылысын тудырды. Үйреншікті саяси өмірдің қызметкерлері мен механизмінен бас тарту саясатты «жеке басының мүддесін көздейтін, екіжүзді және принципсіз қызмет» дейтін көзқарастарда терең тамыр жайған, мұны «кеңселік саясат» және «саясатшылдар» деген кемсіту-шілік фразалардан айқын көруге болады. Саясатты осылай бейнелеу кейде Никколо Макиавеллидің еңбектерінде ұшырасады. Ол «Билеуші» (1532,1961) атты шығармасында өз заманындағы саяси көшбасшылардың қулыққа, қатыгездік пен айла шарғыға жүгінетініне назар аударып, саясатқа деген қатаң реалистік көзқарас қалыптастырған.

Орта ғасырлар мың жылдан артық дәуірді қамтиды. Ол дәуірді үш кезеңге бөлуге болады.

1.Бірінші кезең ерте феодалдық.

Феодализмнің әлеуметтік – экономикалық формация ретінде қалыптасуы, ірі мемлекеттік ұйымдар пайда бола бастауы.

2. Европа елдеріндегі мен Мұсылман мемлекеттеріндегі саяси көзқарастар.

Екінші кезең – феодализмнің өркендеп, сословиелік монархияның пайда болуы.

Үшінші кезең – феодализмнің құлдырауы, капиталистік элементтердің қалыптаса бастауы. Орта ғасырларда шіркеу - адамдардың саяси, рухани өмірінде шексіз билігін орнатты. Орта ғасырдағы христиан діні феодалдық қоғамның өміртанымдық негізі саналды, барлық ғылым жүйелері дін қызметінің қолында болды. Әйтсе де Еуропаның саяси тарихына көз жүгіртсек, онда шіркеу мен светтік феодалдар арасындағы қоғамдағы билік үшін таусылмас тартысты байқаймыз.

Саясаттың төртінші анықтамасы – ең ауқымды және ең радикалдық анықта-ма. Саясатты белгілі бір саламен (үкімет, мемлекет не «қоғамдық» сала) шек-теудің орнына, бұл көзқарас саясатты адамзат тіршілігінің барлық қоғамдық салалары мен әрбір бұрышынан табылады деп есептейді. Адриан Лефтович «Саясат дегеніміз не? Саяси қызмет және оны зерттеу» атты еңбегінде: «Саясат ұжымдық әлеуметтік іс-әрекеттің түп тамырында жатыр: ол ресми және бейресми қоғамдық және жеке салаларда, барлық қоғамдық топтарда, институттар мен қоғамдарда бар», – деп түйіндейді. Саясат қоғамдық қарым-қатынастың әрбір деңгейінде бар. Ол отбасыларда және достардың шағын топтарында, ұлттар арасында және ғаламдық деңгейде де орын алады. Кең тұрғыда қарағанда, саясат қоғамдық өмірді қамтамасыз ету барысында ресурстарды өндіру, бөлу және қолданумен

айналысады. Саясат, шын мәнінде, билікті білдіреді, яғни қалаған нәтижеге кез келген амал-әдістермен жету қабілеті. Бұл идея Гарольд Лассуэллдің «Саясат: кім нені, қашан және қалай иеленеді?» атты еңбегінің атауында нақты түйінделген. Бұл көзқарас бойынша саясат әралуандық пен конфликт деген мағына береді, алайда оның ең маңызды құрамы – тапшылықтың болуы: адамдардың қажеттіліктері мен қалауы шексіз, ал оларды қанағаттандыратын қолжетімді ресурстар әрдайым шектеулі. Сол себепті саясатты осы тапшы ресурстар үшін күрес десек, ал билікті осы күресті жүргізу құралдары деп түсінуге болады. Батыс елдерінің ішінде саяси идеялар Ежелгі Грецияда қатты дамыды. Көне гректерде саяси ғылымға мол мұра қалдырған ойшылдар көп. Соның бірі Аристотель және Платон. Платон (б.з.б. 427-347жж.) Шын есімі-Аристокл. 200 жуық еңбектері бар. Сократ мектебінен өткен. Платонның айтуынша адамдар қажеттіліктерін жеке-дара өтей алмайды. Олар өмір сүру үшін тамақ, киім өндіруі және үй салуы керек. Платон қоғамдық меншікті қолдап, жеке меншікке қарсы тұрды. Себебі қоғамдағы қарама-қайшылықтарды тудыратын жеке меншік деген уәжді айтты. Мемлекеттік құрылысты 5 түрге бөлді. Олар: аристократия, тимократия, олигархия, демократия және тирания. Қазақ даласындағы саяси ойшылдар : «қазақ халқының рухани мұрасы да саяси ойпікірлерге бай» дей келе, мемлекетті адамдар өз қажетіне жақсы жолмен құруы керектігін, бірлесу арқылы қоғамдық жолмен жақсылап өмірді қанағаттандыруы адамзаттың өзінде. Мұндай айтылғандарды батыстың кейінгі саясат зерттеушілері орта ғасырдағы ғылымның энциклопедиясы деп атады. Кез-келген қазақ даласының ғұламасын алмайық олардың саясат және халықтың саяси өмірі мен саяси билік туралы айтпағы қазақ халқының рухани мұрасында. Адамның адамгершілік қасиетін арттыруға жұмылдырды. «Біріңді қазақ, бірің дос, Көрмесең істің бәрі бос», - деп ұлттық бүтіндік, ішкі татулық, ынтымақтастыққа шақырды. Өз халқының мүддесі үшін күресте достық, татуластық бірлік керектігіне назар аударды. Қазақ халқының саяси санасының дамуына XIX ғ. аяғы-XXғ. басында пайда болған алғашқы интеллигенттік топ та зор ықпал етті. XX ғасырдағы саяси ілімде – XIXғ. аяғы мен XXғ. басындағы капиталистік елдерде орасан зор өзгерістер болды. Мемлекеттік-монополистік капитализм монополиялар мен мемлекеттің күшін біріктірді. XXғ. батыс елдерінде «солидаризм» ілімі өріс алды. Ондай ілімінің негізін салушы Л.Дюги (1859-1928 жж) әрбір тап өмірде өз міндетін атқаруы, қоғамның ынтымақтастығы мен үйлесушілігін қамтамасыз етуі керек. Келесі бір ұғым «элитаризм». Элита деген сөз ең жақсы, іріктелген, сұрыпталған, таңдаулы деген мағына береді. Ол ұғымдарды енгізген италяндық саясаттанушылар Г.Моска, В.Парето. Олардың ойынша халық өзін-өзі басқара алмайды. Оған қабілеті жетпейді. Сондықтан олар үшін таңдаулы адамдар тобы керек. XX ғасырдағы тағы бір саясат мәселесімен айналысушы Макс Вебер. Ол плюрализм идеясын енгізді. Қоғамның барлық саласындағы идеологиялық мүдделер мен діни сананың араларындағы қандай байланыстар бар, соларды ашуға тырысты. Сонымен саясаттанудың қалыптасуы мен дамуының тарихы-адамзат тарихының бұрынғысы мен

бүгінгісі және болашағы үшін қажет. Оны оқып, білу, қазіргі қоғамдық және саяси құрылыстың мәнін түсінуге, онда әркімнің өз орнын анықтауға, егеменді еліміздің азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет құруына белсене араласуының септігін тигізері сөзсіз.

Кез– келген әдіс-бұл ғылыми білімді құрудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы және оны белгілі бір құбылыстарды зерттеуде қолдану. Саясаттанудың қазіргі әдістеріне салыстырмалы, жүйелік, құрылымдық-функционалды, антропологиялық, психологиялық, социологиялық және бихевиористік әдістер жатады.

Саясаттанудағы салыстырмалы талдау 1960-1980 жылдардан бастап қолданыла бастады. Ол әртүрлі халықтардағы, әртүрлі елдердегі және мәдени ортадағы бірдей саяси құбылыстар мен процестерді салыстыруға негізделген. Салыстырмалы әдіс әртүрлі халықтар мен елдердің саяси өмірінің жалпы және ерекше ерекшеліктерін, саяси процестердің дамуының жалпы және ерекше тенденцияларын анықтауға, саяси режимдердің ерекшеліктерін анықтауға, билік тетіктерінің тиімділігін арттыру факторларын анықтауға, саяси жүйенің қоғам өмірінің экономикалық және рухани салаларымен байланысы мен өзара әрекеттесуін ашуға, отандық және шетелдік тәжірибені бүгінгі күннің өзекті мәселелерін шешу үшін пайдалануға мүмкіндік береді саяси даму.

Жүйелік әдіс пайда болуына әсер еткен американдық ғалымдар Д.Истон және Парсонс 1950-1960 жылдардан бастап саясаттануда қолданылады. Бұл әдіс қоғамның саяси өмірін ішкі және сыртқы әсерлерге ұшырайтын, бірақ әлі де өз өмірін сақтай алатын ашық жүйе ретінде зерттейді. Жүйелік әдіс саясаттың тұтастығына және оның сыртқы ортамен қарым-қатынасына бағытталған. Бұл мемлекеттердің және саяси жүйенің басқа элементтерінің жұмыс істеуінің маңызды мақсаттарын, осы мақсаттарға жетудің оңтайлы жолдары мен тәсілдерін – нақты саяси жағдайдың өзара байланысының барлық факторларын қамтитын модель құру арқылы анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдісті американдық әлеуметтанушылар Р.Мертон және Т. Парсонс, ал саясаттануда американдық саясаттанушылар Г. Бадам және Д. Истон жасаған.

Құрылымдық-функционалдық талдау күрделі саясат объектісін құрамдас бөліктерге бөледі, олардың арасындағы байланыстарды анықтайды және зерттейді, олардың жүйенің қажеттіліктерін қанағаттандырудағы рөлін анықтайды. Құрылымдық-функционалдық талдау арқылы саяси жүйе бейімделе алатын әлеуметтік өзгерістердің саны анықталады, саяси жүйені сақтау және реттеу әдістері белгіленеді. Құрылымдық-функционалдық әдіс сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік береді: саяси жүйе қандай функцияларды орындауы керек, қандай құрылымдардың көмегімен және оларды қандай тиімділікпен орындайды.

Антропологиялық әдіс саясаттағы инстинкттердің объективті рөлін, интеллекттің, психиканың, ұлттық сипаттың, яғни адамның биоәлеуметтік болмыс ретіндегі қасиеттерін анықтауға көмектеседі. Осылайша, бұл әдіс

саясаттағы адами факторды, саяси оқиғалар мен процестердегі тұлғаның рөлін түсінуге бағытталған.

Психологиялық әдіс адамның саяси мінез-құлқының психологиялық механизмдерін анықтауға көмектеседі (мотивтер, тілектер, құмарлықтар және т.б.). Бұл әдіс психоанализдің негізін қалаушы З.Фрейдке оралады, ол субъектінің негізгі қажеттіліктеріне қанағаттанбаудағы саяси белсенділігінің негізгі себептерін қарастырды. Психологиялық әдісті қолдана отырып, саясаттанушылар жеке тұлғаның жеке қасиеттерін, жеке қасиеттерін, жеке тұлғаның саяси мінез-құлқына әсер ететін бейсаналық психикалық процестерді талдайды.

Әлеуметтанулық әдіс саясаттың әлеуметтік факторларға (экономика, әлеуметтік құрылым, идеология, мәдениет және т.б.) тәуелділігін зерттеуге бағытталған. Әлеуметтанулық әдісті қолдану саясатты сипаты әлеуметтік факторларға байланысты өз мүдделерін көздейтін әртүрлі әлеуметтік топтардың мақсатты өзара әрекеттесу саласы ретінде талдауға мүмкіндік береді. Бұл саясаттың қандай әлеуметтік топтардың мүддесі үшін жүзеге асырылатыны, саяси шешімдер әзірленетіні, белгілі бір саяси әрекеттер жасалатыны туралы сұраққа жауап беруге мүмкіндік беретін социологиялық әдісті қолдану.

Американдық саясаттанушы Ч.Мерриам қоғамның саяси өміріндегі адамдардың саяси мінез-құлқының шешуші рөлін көрсеткен кезде бихевиористік әдіс XX ғасырдың басында қалыптаса бастады. Әрі қарай, американдық философ Ч. Лассуэльдің және ағылшын ғалымы Дж. Кетлина, мінез-құлық (мінез-құлық) әдісі танылды. 1920-1930 жылдары ол саясаттануға енгізілген революциялық әдіс болды және қолданбалы саясаттанудың негізі болды. Мінез-құлық әдісі зерттеушіні саясаттағы жеке тұлғаның, әлеуметтік топтардың мінез-құлқын жүйелі бақылауға бағыттайды. Ол адамдардың өз мақсаттарын жүзеге асырудағы іс-әрекеттеріне, саяси мінез-құлықтың мотивациясын зерттеуге баса назар аударады. Мінез-құлық тұжырымдамасы адамдардың іс-әрекеті мен мінез-құлқының сандық көрсеткіштерінің рөлін ескеруді талап етеді (шешім қабылдау кезінде, сайлау науқаны кезінде және т.б.). Берілген жағдайды барлық мүмкін «қуат векторларының» әсерін ескере отырып модельдеу арқылы болашақ саяси оқиғалардың дамуын сенімді түрде болжауға болады. XX ғасырдың ортасынан бастап АҚШ-та ғылыми мекемелер мен университеттер әртүрлі қоғамдық топтардың және олардың жеке өкілдерінің мінез-құлқын бақылай отырып, АҚШ-тың сыртқы саясатына, қорғаныс жүйесіне, кедейлікпен күреске, этникалық мәселелерге қатысты мақсатты бағдарламаларды әзірлей бастады. Мұндай бағдарламаларды әзірлеу ірі қорлардың (Форд қоры, Рокфеллер қоры және т. б.) Елеулі қолдауына ие болды.

**Деңгейлік тапсырмалар:**

**1–деңгейлік сұрақ.** Саясат деген не, ол қашан пайда болды. 1 –деңгейлік сұрақ. Саясаттану тыс адам өмір сүре алама?

**2–деңгейлік сұрақ.** Саясат пен моральдың ерекшеліктері неде? 2–деңгейлік сұрақ. Саяси процесстерді зерттегенде саясаттану қандай әдістерді пайдаланады?

**3–деңгейлік сұрақ.** Саясаттанудың Сіздің мамандығыңызғы қажеті бар ма? Қандай?

**ОБӨЖ тапсырмалары:** Тұлғаның саяси мәдениетін қалыптастыруды, оның демократиялық құндылықтарды бойына сіңіруге саясаттанудың ықпалы.

**БӨЖ тапсырмалары:** Саясаттану ғылымын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасаңыз.

#### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Саясаттану. -Алматы: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, Оқулық, 2020.-520 бет. Хейвуд Эндрю
2. Қазіргі заманның саяси жүйелері мен режимдері. Оқу құралы. / Д. Е. Ақболат. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2020
3. Қоғамдық саясат. Саясат, талдау және баламалар: Оқулық, /Майкл Е. Крафт, Скот Р. Фурлонг.-Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2017.

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Қазақстанның дін жөніндегі мемлекеттік саясаты. А.Т.Асан, А.С.Балапанова, Т.А.Козырев, 2020, Монография
2. Қазақстан республикасының ішкі және сыртқы саясаты пәнінің оқу-әдістемелік кешені.Д. Е. Ақболат. Алматы, 2019
3. Нұрсұлтан Назарбаев: Бейбітшілік және қоғамдық келісім идеясы. Ұжымдық монография. Тоғжанов Е.Л., Әбдәкімов Ә.Ә., Капашникова Н.П., т.б. Астана, 2014

#### **WEB сайттар тізімі:**

- 1 <http://rmebrk.kz/> Саясаттану. Оқу-әдістемелік құрал. А.А.Иманбаева, Алматы, 2017.
2. <http://rmebrk.kz/> Саясаттану. Оқулық. У.К.Абдыкалыков, Ж.К.Симтиков, Алматы, 2018
- 3.<http://rmebrk.kz/>Саясаттану: Оқулық. - 2-ші бас. Г.М. Серғазина, Р.Н. Абылқалықова - Қарағанды: Medet Group, 2019